*Бекітемін* ______

*«Mir» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы*
*Меңгерушісі:Едигина Ж.О*

Центр развития Mir

# *2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ*

## *«Еркетай» ортаңғы тобы*

## *Қаңтар айы*

Scanned with CamScanner

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: ЖШС МБДО «Міг» балабақшасы**
**Топ «Еркетай» ортаңғы топ**
**Балалардың жасы 3 жас**
**Тәрбиеші:А.Б.Өтегенова**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** **қаңтар айы, 05.01 - 09.01.2026 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау** Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен **«Күй күмбірі»Т.Қазанғапұлының «Сарыжайлау»** күйімен қарсы алу. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** **«Қыс»** әңгімесімен таныстыру **Міндеті:**артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиеті). Міндеті:**Күзгі жапырақтарды өз беттерінше бейнелеу Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік | Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен **«Күй күмбірі» Қ.Сағырбайұлының «Балбырауын»** күйімен қарсы алу. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** Балаларға **«Менің достарым»** туралы өлең шумақтарын жаттауды ұсыну. **Міндеті:**Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,). «Досыма сыйлық»** тақырыбында сурет салу **Міндеті:** өз беттерінше бейнелеу Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға |  | Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен **Д.Нұрпейісованың «Тойбастар»** күйімен қарсы алу. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** Балаларға **«Табиғатты аялайық»** балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;Табиғат құндылығының маңыздылығын білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет). «Қысқы бұлт»** тақырыбында сурет салу. **Міндеті:** Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз | Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен **«Күй күмбірі» Д.Нұрпейісованың «Тойбастар»** күйімен қарсы алу ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** **Ертегіде қонақта Міндеті:**таныс ертегілерді қойылымдық жабдықтары арқылы әңгімелеу **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет). «Шалқан ертегісін жалғастыр»** тақырыбындағы сюжетті картинаны толықтырып өз бетімен сурет салу **(сурет салу)** Балаларға өздерін қоғамның бір мүшесі екендері туралы әңгіме жүргізу. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | композициялар жасауға үйрету**(сурет салу)**<br>Балаларға отбасы үйі туралы мағлұмат беріп, «мен»бейнесін қалыптастырту.<br>**(Қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**«Апта сөз дәйектері»**<br>***«Тәртінке бағынған – озар.»***<br>***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы***<br><br>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | үйрету **(сурет салу)**<br><br>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | | парағына бейнені орналастыру<br>**(сурет салу)**<br>Балалармен үйі,мекен-жайы,отбасы мүшелері туралы әңгімелесу.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру |
| **Ата–аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | **«Өнегелі 15минут»** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру<br>***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс – әрекеті** | **«Біреу-көп»**<br>Міндеті: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру.<br>Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту. **(Математика негіздері)** | **Үстел-үсті ойыны: «Түсін тап»**<br>Міндеті:түстерді сәйкестіндіру<br>Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру;.<br>**(Қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Қаржылық сауаттылық «Қымбат-арзан» дидактикалық ойын**<br>Мақсаты: Балаларға азық-түлік түрлері туралы түсінік беру; тауарды талдауға, арзан заттан қымбат затқа қарай (немесе керісінше) ретімен орналастыра отырып, арифметикалық әрекеттерді қолдануға үйрету. Материал: азық-түлік өнімдері, монеталар бейнеленген карточкалар.<br>Барысы: 1- нұсқа. Балаларға карточкалар ұсынылады, олар азық-түлік өнімдерін өсу ретімен арзаннан қымбатқа қарай және керісінше орналастыруы қажет. | | **Сюжетті ойын: «Шаштараз»**<br>Міндеті: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Алақай!» өлеңі.**<br>Міндеті: «Алақай!» шығармасымен таныстыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Жатқа айтуға үйрету.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**Құқықтық сауаттылық Рөлдік ойын "Дәріхана"**<br>*Мақсаты:* дәріхана қызметкерлерінің мамандықтары туралы білімдерін кеңейту: фармацевт дәрі-дәрмек жасайды, кассир-сатушы сатады, дәріхана меңгерушісі дәрі-дәрмек жасауға қажетті шөптер мен басқа да препараттарға тапсырыс береді, балалардың сөздік қорын кеңейту: "дәрілер", "фармацевт", "тапсырыс", "дәрілік өсімдіктер".<br>*Жабдық:* дәріхананың ойыншық жабдықтары.<br>*Ойын барысы:* дәріханада | **Дидактикалық ойыны «Шаршы құрастыр»**<br>Міндеті: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.<br>**(Құрастыру)**<br><br>**Адалдық әліппесі**<br>«Достық көмек»<br>*Ойынның мақсаты:* балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады.<br>Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қандай мамандық иелері жұмыс істейтіні, немен айналысатыны туралы әңгіме жүргізіледі. Біз жаңа рөлмен – дәріхана меңгерушісімен танысамыз. Ол тұрғындардан шөптен жасалған дәрі-дәрмектерді қабылдайды және дәрі-дәрмектерді дайындау үшін фармацевтерге береді. Менеджер дәріхана қызметкерлеріне және келушілерге қиын жағдайларды түсінуге көмектеседі. Дәрілер беріледі қатаң түрде рецепт бойынша. Балалар рөлдерді өз қалауынша дербес бөледі.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 **«Аюдың апанында»** қимылды ойын Міндеті: балалардың сөздік қорын дамыта отырып,қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. **(Дене тәрбиесі) Әнұран айту. (музыка)** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 **Қимылды ойын:«Көлеңке»** Міндеті: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту. **(Дене тәрбиесі) Әнұран айту. (музыка)** | | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 **«Мысық пен тышқан»** қимылды ойын Міндеті: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдылыққа үйрету. **(Дене тәрбиесі) Әнұран айту. (музыка)** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9 **«Допты қуып жет»** қимыл қозғалыс ойыны **(дене тәрбиесі) Әнұран айту. (музыка)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор» | **Нан туралы тақпақ** Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. Балалардан дастархан басында айтылатын тыйым сөздерді сұрау. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | | **«Ас адамның арқауы»** Міндеті: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап. | **Ойын-жаттығу «Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру **«Не артық»** Міндеті: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. **(Сурет салу,жапсыру)** **Ұлттық ойын: «Асық ойындары»** **«Ұлттық ойын –ұлт қазынасы»** ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру **«Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу.** Міндеті: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру **«Кім шапшаң»** Міндеті : Балалар топтасып ойнай алуға дағдыландыру. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру **«Теңін тап»** Міндеті:Балалар екі бірдей заттарды таба алуды игерту.Шыршаның бейнесін мүсіндету. **(Мүсіндеу,математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қазақ тілі** ***Жоспары қазақ тілі маманында*** | **Дене тәрбиесі** ***Жоспары дене шынықтыру нұсқаушысында*** | **Дене тәрбиесі** ***Жоспары дене шынықтыру нұсқаушысында*** | **Дене тәрбиесі Жоспары дене шынықтыру нұсқаушысында** | **Музыка** ***Ән-күй жетекшісінің жоспарында*** |
| **Серуенге дайындық** | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу. | | Жүйелі киініп серуенге шығу. Серуенге ойын құралдарын дайындау | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Серуен №1**<br>**Суықторғайды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру;<br>Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз А. Меңдібай**<br>Қарағай мен шыршаның<br>Суықтан дені тоңып тұр.<br>Бұл не ғажап қарасаң,<br>Қайыңда алма өсіп тұр!<br>Жақын келіп қарасам,<br>Көзіме өзім сенбедім-<br>Алқызыл болып көрінген,<br>Әнші құсы орманның<br>Суық торғай сен бе едің?<br>**Тәрбиеші жұмбақ жасырады:**<br>Айналаны қар басса да,<br>Суықтан еш тоңбайды.<br>Құс екенін бұл қандай,<br>Қане, кім болжайды?<br>Кеудесі қызыл әсем-ақ,<br>Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл)<br>Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде)<br>Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде)<br>Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді?<br>(мамыр айында)<br>Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің | **Серуен №2**<br>**Боранды күнді бақылау**<br>**Мақсаты**: *желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.*<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбақ жасырады:**<br>Жерді тырнап, бұтаны ырғап,<br>Шөпті сипап, ұшады зырлап,<br>Жанын қинап, ұлиды зарлап.<br>(боран)<br>**Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды**<br>Ақ көрпесін жапты да,<br>Ақ боран-ау, ақ боран,<br>Аяз кенет аптыға,<br>Алай-түлей соқ боран.<br>Айналаны үрледі,<br>Ақ қар ұшып үйрілсін,<br>Ақ бораны гуледі.<br>Ауламызға үйілсін.<br>Жас ұланмын шыныққан,<br>Жасқанбаймын суықтан.<br>Қардан жасап аққала,<br>Сырғанаймын шаттана.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)<br>Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)<br>Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)<br>Қалай ойлайсыңдар, боран | | **Серуен №3**<br>**Бақылау «Қардағы құс іздері»**<br>**Мақсаты**:*қардағы құс іздерін тани білуге үйрету* .<br>**Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады.<br>Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>◆ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау. | **Серуен №4**<br>**Жеңіл көліктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** автомобильдер туралы білімдерін *бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев**<br>**Бұзба көше тәртібін,**<br>**Ұрынасың апатқа.**<br>**Қызықты өтсін әр күнің,**<br>**Жақын болма шатаққа.**<br>**Көшеден өтер кезіңде,**<br>**Абайлап қара жан-жаққа,**<br>**Келе жатқан көлікке,**<br>**Жол бер, өтсін, асықпа!**<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br>Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br>Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)*<br>Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)*<br>Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)*<br>Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)*<br>Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбысына ұқсайды?<br>(флейта аспабының дыбысына-ұян, мұңды)<br>Қандай құстар қыстан қорықпайды?<br>(суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай)<br>Суықторғайлар немен қоректенеді?<br>(өсімдіктер дәндерімен)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Құстар ізін қарау.<br>Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру.<br>Қандай айырмашылығы бар?<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын қардан тазалау.<br>*Мақсаты:*<br>еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Қимылды ойын**«Ұшты-ұшты».<br>*Мақсаты:*аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Қапшықтағы жемді жеткіз».<br>*Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br>***Халық болжамы:***<br>***Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.***<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Тәжірибе: «Су-мөлдір»**<br>Міндеті:балалардың танымдық қабілеттерін дамыту; қоршаған ортадағы судың маңызы | болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу.<br>**Еңбек**<br>Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.<br>*Мақсаты:*Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Желдірмен».<br>*Мақсаты*: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарды дамыту.<br>*Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).*<br><br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**«Пияз отырғызу»**<br>**Міндеті:** Пияздың әртүрлі болатындығы, өсуі, тұқымы туралы түсінік беру. Өсімдікті отырғызудың және себудің күтіп баптаудың жолдарын көрсете отырып, өсімдіктерді өсіруге, оларды күтіп-баптауға талпындыру.<br>**(Экологиялық мәдениет)** | | *Мақсаты:*<br>Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбе із».<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>*Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.*<br>***Халық болжамы:***<br>***Қар көп болса, нан мол болады.***<br>***Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.***<br>***Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.***<br>***Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.***<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** | ластайды? *(Жүк машиналары)*<br>♦Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?<br>♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?<br>**Еңбек**<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау.<br>*Мақсаты :*<br>—бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;<br>—жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Бағдаршам».<br>*Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Ұзындыққа секіру .<br>*Мақсаты:*<br>Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.<br><br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зор екенін ұғындыру арқылы суды кастерлей білуге тәрбиелеу. **(Экологиялық мәдениет)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Достарымен ішке кіру. «Менің досым» **Міндеті:** Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. |
| **Түскі ас** | Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті Тағамды асықпай жеу керек. | Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау. | | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту. | Бата беру Дастарханымыз майлы, Көңіліміз жайлы болсын. Өміріңе не тілесең, Тілегің қабыл болсын! |
| **Күндізгі ұйқы** | «Түлкі мен тырна» ертегі **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | «Ойыншықтар» әнін тыңдату. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,музыка)** | | «Қызыл телпек» ертегісі әңгімелеп беру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Әлди-әлди,ұйықтай ғой» Әнін тыңдату. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Төсекте жатып жасайтын жаттығулар** ( 2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз ( 2-4 рет) | **Ойын «Жаз бен күз»** Оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз ( 3- 4 рет) | | **«Кім әлі ұйқыда? Тұру керек»** Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. | **«Оянайық бәріміз»** Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару. | | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **«Доңгелектер»** Міндеті:Ермексаздан машина және доңғалақтарын мүсіндеу. **(мүсіндеу)** **«Қауіпсіздік ережелері»** Дидактикалық ойын: «Бағдаршам» Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | **Шығармашылық жұмыс** Міндеті:Ертегіні оқи отырып, мазмұнын суреттер арқылы түсіндіре алуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **"Қар жауып тұр(мақталы таяқша арқылы)** Міндеті:Таяқшаларды қолдану арқылы сурет салу тәсілін үйрету. Дәстүрден тыс сурет салу, мақталы таяқшаны қолдана отырып, қызығушылығын арттыру. **(Сурет салу)** | | **«Жел»** Міндеті: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел үлейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу- зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **(қазақ тілі)** **Ұлттық ойын: «Арқан тартыс»** **«Ұлттық ойын –ұлт қазынасы»** ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | **«Әдемі моншақ»** **Міндеті:** ермексаздан мүсіндеуге қызығушылықтарын туғызу, ұсақ саусақ қол қимылын дамыту, жұмыс барысында тазалыққа, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу,әшекей бұйымдарды мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. **(Мүсіндеу)** **«Көп қабатты үй»** Міндеті: Құрылыс материалын (үлкен,кіші) пайдаланыпбір немесе көп қабатты үйлерді құрастыра білуге үйрету. **(құрастыру)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(Жапсыру,сурет салу,математика негіздері)**<br><br>**«Бағдаршам»** Міндеті:Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br><br>**Раяна** | **(құрастыру,математика негіздері)**<br><br>**«Әдемі кілемшелер»** Міндеті: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br><br>**Наргиз** | | **(математика негіздері)**<br>**«Қандай пішін жетіспейді?»**<br>Міндеті: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.<br><br>**Азат** | **(сурет салу,жапсыру)**<br>**«Автобус»** Сурет салуда геометриялық фигураларды пайдаланып автобус суретін салуды үйрету, сурет салу кезінде қайпсіздік ережелерін сақтау, сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.Өз еріктері бойынша автобус бейнесін желімдету.<br>**Азиз** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. |
| **Серуен** | **«Өсімдіктер әлемі»**<br>**Міндеті:** Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп, өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттілігімен дамуының байланысын балаларға түсіндіріп бекіту.<br>**(Қоршаған әлеммен таныстыру)** | **«Өлі және тірі табиғат»**<br>**Міндеті:**Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу<br>Ойлау және сезіну қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балаларды өлі және тірі табиғат туралы,жан-жақты түсінік беру.<br>**(Қоршаған әлеммен таныстыру)** | | **«Қыста не киеміз?»**<br>Міндеті: Қыс мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.<br>Қимылды ойын: «Аттамақ»<br>Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа баулу.<br>**(Қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)** | **«Қай ертегіде» танымдық ойыны.**<br>Міндеті: ойлау қабілеттерін арттыра отырып, ертегілерді еске түсіруге машықтандыру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** | **«Менің көңілді добым»**<br>Міндеті: Ойыншық тур алы әңгіме құрастыруд ы үйрету.<br>«Добым»<br>Ш.Смаханұлы.<br>Добым менің, добым менің,<br>Өзің неткен көңілді едің.<br>Зымырайсың, құтыңдайсың,<br>Бірақ менен құтылмайсың. | **«Құстардың ұясы» (қағазбен жұмыс)**<br>Міндеті: Құстар туралы түсінік пен олардың адамға деген пайдасы туралы жетілдіру. Заттарды қағаз материалдарынан құрастырып, жапсыра білуге үйрету.<br>**(жапсыру)**<br><br>**«Балабақшадағы әр түрлі доптар»**<br>**Міндеті:** Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып,сазбалшықпен мүсіндеуге үйрету.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**(мүсіндеу)** | | «Доп»<br>Міндеті:затты-доптың суретін салуды үйрету.шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялдарын дамыту.Салған суретті ақ қағазға желімдету, жетпес бөліктерін мүсіндету.<br>**(сурет салу,жапсыру, мүсіндеу)** | **«Жануардың дауысын сал»**<br>Міндеті: дыбыстық жаттығулар арқылы, әріптерді дұрыс айтуға машықтандыру.<br><br>**«Туған өлкенің өсімдіктері»**<br>**Міндеті:** Туған өлкенің өсімдіктері туралы түсініктерін туған өлкенің өсімдіктері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **«Өнегелі 15минут»**<br>балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру<br>***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | **«Өнегелі 15минут»**<br>балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру<br>***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | | Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | **«Өнегелі 15минут»**<br>балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру<br>***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** |

Scanned with CamScanner

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: ЖШС МБДО «Міг» балабақшасы**
**Топ «Еркетай» ортаңғы топ**
**Балалардың жасы 3 жас**
**Тәрбиеші : А.Б.Өтегено**
**Жоспардың құрылу кезеңі қаңтар айы, 12.01 - 16.01.2026 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау** Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен **«Күй күмбірі» Д.Шығайұлының «Қосалқа»** күйімен қарсы алу. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** Балалардан күннің қандай керемет екенін сұрау. **Міндеті:А,ә,е,о,ұ** дыбыстарын анық айту(сұрақ жауап) **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).** **«Күннің шуағы»** тақырыбында сурет салу **Міндеті:** Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету **(сурет салу)** **«Апта сөз дәйектері»** ***«Ереже – баршаға ортақ.»*** | Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен **Т.Қазанғапұлының «Сылдылдық»** күйімен қарсы алу. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** Балаларға **«Балық пен Пингвин»** **Міндеті:**жабайы жануарлардың дауыстарын салу,п-б дыбыстарды анық айту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).** Дәстүрден тыс техника арқылы пингвин суретін салу**(сурет салу)** Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен**«Күй күмбірі» Қ.Сағырбайұлының «Алатау»** күйімен қарсы алу. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** **«Үш аю»** ертегісін әңгімелеу. **Міндеті:**а,ә, дауысты дыбыстарын анық айту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).** **«Үш аюдың ыдыстары»** **Міндеті:**Сурет салу кезінде карындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету берілген суреттегі үстел үстіне тарелкелерді бейнелеу **(сурет салу)** Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен **«Күй күмбірі»Махамбеттің күйі «Жұмыр қылыш»** күйімен қарсы алу. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** Ауа райы жайында әңгіме дүкен құру **Міндеті:** Ересектердің сөзін тыңдау және сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | Балаларды көтеріңкі көңіл – күймен **«Күй күмбірі»Махамбеттің күйі «Жұмыр қылыш»** күйімен қарсы алу. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** **Міндеті:** Ересектердің сөзін тыңдау және сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру |
|  | ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** |  |  |  |  |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру | | | | |
| **Ата–аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. | **Ата-аналарға жұмыс: Өнегелі 15минут"-** Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қаынас жасау дағдысын қалыптастыру. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу. | **Ата-аналарға жұмыс: Өнегелі 15минут"-** Балалардың ересектермен емін- еркін қарым-қаынас жасау дағдысын қалыптастыру. ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | Ата–аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| **Балалардың дербес іс – әрекеті** | **«Құрылысшы»** Міндеті:Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. **(Құрастыру)** | **Үстел үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр»** Міндеті: Зейіндікке баулу. **(Құрастыру)** | **«Қар кесегі»** Міндеті: Балаларға қарандашты дұрыс ұстай білуді үйрету, қар кесегінің суретін салғызу арқылы әдемілікке баулу. **(Сурет салу)**<br><br>**Қаржылық сауаттылық «Банк» сюжетті-дидактикалық ойын**<br><br>Мақсаты: банк жұмысымен таныстыру, банкте жұмыс істейтін қызметкерлер және банкте жүргізілетін операциялар туралы әңгімелеуге үйрету.<br><br>Материал: ойыншық ақша: монеталар мен банкноттар. Ойынға арналған құрал-жабдықтар.<br><br>Барысы: тәрбиеші балаларға банктегі жағдаятты ойнауды ұсынады. Балалар рөлдерге бөлінеді. Банк қызметкерлері | **«Сипап көр»** Міндеті: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу. **(Математика негіздері)**<br><br>**Құқықтық сауаттылық "Үй салу" рөлдік ойыны** *Мақсаты:* балаларды құрылыс кәсіптерімен таныстыру. Құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін жабдықтардың рөліне назар аударыңыз. Балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету. Ұжымда достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балалардың құрылысшылар еңбегінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. Балалардың сөздік қорын кеңейту: "құрылыс", "тас қалаушы", "краншы", "құрылысшы", "краншы", "ағаш ұстасы", | **Дидактикалық ойын: «Өз туыңды тап»** Міндеті: Мемлекеттік рәміздерді тануға үйрету.Қарындашпен тудың суретін бейнелету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру,сурет салу)**<br><br>**Адалдық әліппесі**<br><br>**«Сиқырлы таяқша»** *Ойынның мақсаты:* балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, өздеріне көмек қажет болған жағдайды кезек-кезек айтып береді, мысалы: тісім ауырды, біреу ренжітті, көңіл-күйім болмады және т.б. Қатысушылар жағдайларын айтып болғаннан кейін, педагог «сиқырлы таяқшаны» қолына алып, былай дейді:<br><br>«Сиқырлы таяқша, досыңа көмектес!». |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | өз орындарына отырады. Қалған балалар-клиенттер болады. Банкте кеңесшілер бар, олар әрбір клиентке карталар дайындайды, валюталар береді немесе оларды ауыстырады. Сондай-ақ банкте банкомат бар. Банкоматтан келушілер жинақ картасы арқылы ақша алады. Картаны арнайы терезеге қойып, пинкодты тереді, белгілі бір функцияларды орындайды (қолма-қол ақшаны алу), содан кейін картаны және терезедегі ақшаны алады. Сондай-ақ, банкте басқарушы бар. Банк басқарушысы қызметкерлерге міндеттерін ескертеді. Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, оларды жұмыс істеуге ынталандырады. Ойын барысында әртүрлі жағдяттар ойналады. | "дәнекерлеуші", "құрылыс материалы" ұғымдарын енгізу.<br>*Жабдық:* ірі құрылыс материалдары, машиналар, кран, ғимаратты ойнауға арналған ойыншықтар, құрылыс кәсібінің адамдары бейнеленген суреттер: тас қалаушы, ағаш ұстасы, краншы, жүргізуші және т.б.<br>*Ойын барысы:* мұғалім балаларды жұмбақты шешуге шақырады: "Қандай мұнара тұр, ал терезеде шам жанып тұр ма? Біз осы мұнарада тұрамыз және ол ... деп аталады ма? (үй)". Мұғалім балаларға ойыншықтары орналасатын үлкен, кең үй салуды ұсынады. Балалар құрылыс кәсіптерінің қандай екенін, құрылыс алаңындағы адамдардың немен айналысатынын еске түсіреді. Олар құрылысшылардың бейнелерін қарап, олардың міндеттері туралы әңгімелейді. Содан кейін балалар үй салуға келіседі. Рөлдер балалар арасында бөлінеді: біреулері – құрылысшылар, олар үй салады; басқалары – жүргізушілер, олар құрылыс материалдарын құрылыс алаңына | Досына қалай көмектесуге болатынын білетін бала қолын көтереді, ал педагог оған таяқшаны береді. Таяқшаны алған қатысушы оны екінші қатысушының қолына тигізеді және оған қалай көмектесуге болатынын айтады. Қиындық туындаған жағдайда педагог баланың қолына таяқшаны тигізіп, оған қалай көмектесу керектігін өзі айтады. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жеткізеді, балалардың бірі – кран операторы. Құрылыс барысында балалар арасындағы қарым-қатынасқа назар аударған жөн. Үй дайын, сонда жаңа тұрғындар қоныс аудара алады. Балалар өз бетінше ойнайды. | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9<br>**«Лақтыр да, қағып ал»**<br>Міндеті: Балаларды ептілікe,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>**(Дене тәрбиесі)**<br>**Әнұран айту.**<br>**(музыка)** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9<br>**«Қайда жасырылғанын тап»**<br>Міндеті: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету.<br>**(Дене тәрбиесі)**<br>**Әнұран айту.**<br>**(музыка)** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9<br>**« Ұшты-ұшты »**<br>Міндеті: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**(Дене тәрбиесі)**<br>**Әнұран айту.**<br>**(музыка)** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9<br>**« Ақ қоян »**<br>Мінедеті: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.<br>**(Дене тәрбиесі)**<br>**Әнұран айту.**<br>**(музыка)** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығу кешені № 9<br>**« Ақ сандық, көк сандық »**<br>Міндеті: Күштілікке, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**(Дене тәрбиесі)**<br>**Әнұран айту.**<br>**(музыка)** |
| **Таңғы ас** | Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Ас адамның арқауы»**<br>Міндеті: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап | **Ойын- жаттығу:**<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | **Ас қайыру тақпағы:**<br>Жегеніміз нан болсын!<br>Айтарымыз ән болсын!<br>Тамақ берген апайға,<br>Айтарымыз оң болсын!<br>Әумин! | **Ойын-жаттығу**<br>**«Таза қолдар»**<br>Балалардың назарын тағамға аудару.<br>«Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыр ылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру **«Мерекелік дастархан»** Міндеті: Мерекелік дастархан туралы түсінік беру. Дастарханның суретін салуды меңгерту. **(Сурет салу)** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру **«Бағдаршам»** **(сурет қарастыру)** Міндеті:Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(Жапсыру)** **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»- ұлттық ойындар ұйымдастыру «Соқыртеке»** ***«Адал азамат»біртұтас тәрбие» бағдарламасы*** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру **«Ғажайып қапшық»** Міндеті: Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану. ( | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру **«Мерекелік отшашу»** Міндеті: Отшашу туралы түсінік беру. Қауіпсіздік шараларын түсіндіру. **(Сурет салу)** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке шақыру **Шаштараз қалай жұмыс істейді?** Міндеті:Шаштараз жұмысы туралы және Құрал-жабдықтарын атауға үйрету. **(Қоршаған әлеммен танысу)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастыры лған іс-әрекет** | **Қазақ тілі** ***Жоспары*** **қазақ тілі маманында** | **Дене тәрбиесі** ***Жоспары*** **дене шынықтыру нұсқаушысында** | **Дене тәрбиесі** ***Жоспары*** **дене шынықтыру нұсқаушысында** | **Дене тәрбиесі** ***Жоспары*** **дене шынықтыру нұсқаушысында** | **Музыка Ән-күй жетекшісінің жоспарында** |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Жүйелі киініп серуенге шығу. Серуенге ойын құралдарын дайындау | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
